



2024-2025 оқу жылына арналған педагогикалық кеңес жоспары

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
I	№1 педагогикалық кеңес Тақырыбы: «2024–2025 оқу жылы: мектепке дейінгі ұйым қызметінің басым бағыттары» Мақсаты: Жаңа оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру процесін нормативтік құжаттарға сәйкес ұйымдастыру. 1. Балабақша меңгерушісінің құттықтау сөзі, күн тәртібін бекіту. 2. Тамыз кеңесінің қорытындылары және 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басым бағыттарымен таныстыру. 3. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысын талдау. 4. Жылдық жоспарды бекіту: – оқу жұмыс жоспары– ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі; – перспективалық жоспарлар; – күн тәртібі мен циклограммалар. 5. Тренинг: «Бір мақсат – бір команда». 6. Жас ерекшеліктеріне сәйкес топтарды бекіту.	Тамыз Бағыттаушы педагогикалық кеңес	Меңгеруші А.Б.Аралова Әдіскер А.С.Балжанова
II	№2 педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтар – мектепке дейінгі тәрбиенің негізі»	Қараша	Меңгеруші А.Б.Аралова

	1. І педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын талдау. 2. Баяндама: «Ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу мен оқыту процесіне кіріктіру жолдары». 3. Шеберлік алаңы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың заманауи тәсілдері». 4. Педагогикалық ойын: «Шығармашыл педагог». 5. Ұлттық ойындарды ұйымдастыру тәжірибесі.		Әдіскер А.С.Балжанова Тәрбиешілер З.Ж.Файзуллина О.П.Еремина Д.А.Серікбаева
III	№3 педагогикалық кеңес Тақырыбы: <i>«Отбасы мен балабақша серіктестігі – сапалы тәрбиенің кепілі»</i> 1. Іс-тәжірибе: «Жас ата-аналармен тиімді ынтымақтастық». 2. Баяндама: «Баланың жан-жақты дамуындағы отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның өзара байланысы». 3. Тренинг: «Бірлесе әрекет етеміз». 4. Кеңес: «Кіші жастағы балаларды дамытудағы ата-ананың рөлі». 5. Іскерлік ойын: «Ынтымақтастық көпірі». 6. Көрме: «Отбасындағы ұлттық тәрбие».	Қаңтар	Меңгеруші А.Б.Аралова Әдіскер А.С.Балжанова Тәрбиешілер З.Ж.Файзуллина А.М.Жүсіпова О.П.Еремина
IV	№4 педагогикалық кеңес Тақырыбы: <i>«Экологиялық мәдениетті қалыптастыру – бүгінгі күн талабы»</i> 1. III педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Тақырыптық бақылау нәтижелерін талдау. 3. Баяндама: «Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың тиімді әдістері». 4. Кеңес: «Отбасындағы экологиялық тәрбие». 5. Тренинг: «Тиімді ұжым – табысты жұмыс».	Наурыз	Меңгеруші А.Б.Аралова Әдіскер А.С.Балжанова Д.А.Серікбаева

V	№5 педагогикалық кеңес Тақырыбы: <i>«Оқу жылының қорытындысы және алдағы міндеттер»</i> 1. IV педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын талдау. 2. Педагогтердің оқу жылы бойынша шығармашылық және кәсіби қызметінің қорытынды есебі. 3. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту. 4. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік талаптары және нұсқаулықтармен таныстыру.	мамыр	Меңгеруші А.Б.Аралова Әдіскер А.С.Балжанова Тәрбиешілер
---	--	-------	--

«Alinur» балабақшасы

2024–2025 оқу жылындағы ұйымдастырылған педагогикалық кеңес отырысының

ХАТТАМАСЫ №1

Тақырыбы: «2024–2025 оқу жылы: мектепке дейінгі ұйым қызметінің басым бағыттары»

Мақсаты: Жаңа оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру процесін нормативтік құжаттарға сәйкес ұйымдастыру, педагогтерді 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттың негізгі бағыттарымен таныстыру.

Өткізілген күні: 03.09.2024 жыл

Қатысқандар: 7 педагог

Қатыспағандар: жоқ

Педагогикалық кеңес төрайымы: А.Б.Аралова

Хатшы: А.С.Балжанова

Күн тәртібі

1. Меңгерушінің құттықтау сөзі, күн тәртібін бекіту.
2. Тамыз кеңесінің қорытындылары және 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі бағыттарымен таныстыру.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысын талдау.
4. 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту:
оқу жұмыс жоспары;
ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі;
перспективалық жоспарлар;
күн тәртібі мен циклограммалар.
5. Тренинг: «Бір мақсат – бір команда».
6. Жас ерекшеліктеріне сәйкес топтарды бекіту.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша Балабақша меңгерушісі А.Б.Аралова педагогикалық кеңеске қатысушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа оқу жылында шығармашылық табыс, кәсіби ізденіс және нәтижелі еңбек тіледі. Күн тәртібімен таныстырып, педагогикалық кеңестің мақсат-міндеттеріне тоқталды. Өткен оқу жылының қорытындысына қысқаша талдау жасалып, балалардың даму мониторингінің нәтижелері қарастырылды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттыру мақсатында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, балалардың коммуникативтік, танымдық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру тапсырылды.

Екінші мәселе бойынша Әдіскер А.С.Балжанова Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024–2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды.

Әдістемелік нұсқаулықтағы негізгі өзгерістер жан-жақты түсіндіріліп, тәрбиелеу мен оқыту процесін ұйымдастырудың жаңа талаптары баяндалды. Сонымен қатар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі бағыттарына тоқталып, ұлттық құндылықтарды, патриоттық тәрбиені, еңбекқорлықты, экологиялық мәдениетті және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың ұйымдастырылуы түсіндірілді.

Тәрбиешілерге перспективалық жоспарлар мен циклограммаларды жаңа талаптарға сәйкес әзірлеу, ұйымдастырылған іс-әрекеттерде инновациялық технологияларды тиімді пайдалану, дамытушы орталықтардың мазмұнын толықтыру жөнінде әдістемелік ұсыныстар берілді.

Үшінші мәселе бойынша Әдіскер А.С.Балжанова жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілген жұмыстарға талдау жасады. Жаз мезгілінде тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға, қимыл белсенділігін арттыруға, табиғат аясындағы ойындар мен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінгені айтылды. Жазғы кезеңде қауіпсіздік талаптарының сақталуы, ата-аналармен жүргізілген түсіндіру жұмыстары және жоспарланған іс-шаралардың толық орындалғаны атап өтілді. Жазғы сауықтыру жұмыстарының нәтижесі қанағаттанарлық деп бағаланды.

Төртінші мәселе бойынша 2024–2025 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жұмыс жоспары қаралып, талқыланды. Жылдық жоспардың негізгі мақсаттары мен міндеттері, оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің апталық кестесі, перспективалық жоспарлар, күн тәртібі және циклограммалар бекітуге ұсынылды.

Тәрбиешілерге ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоспарлау кезінде мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарын, Үлгілік оқу бағдарламасын және балалардың жас ерекшеліктерін басшылыққа алу тапсырылды. Оқу жылы барысында ата-аналармен серіктестікті нығайту, балалардың жеке даму мониторингін жүйелі жүргізу және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру міндеттері белгіленді.

Бесінші мәселе бойынша Тәрбиеші А.М.Жүсіпова тәрбиешілермен «Бір мақсат – бір команда» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг барысында ұжымдағы өзара қарым-қатынасты нығайту, бірлескен жұмыс мәдениетін қалыптастыру және педагогтердің жаңа оқу жылына деген жағымды көңіл күйін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар орындалды.

Қатысушылар тренингке белсенді қатысып, өзара пікір алмасты.

Алтыншы мәселе бойынша меңгеруші А.Б.Аралова топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы хабарлама жасады. Барлық топтардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жасақталғаны, дамытушы орталықтардың жаңартылғаны, оқу-тәрбие процесіне қажетті оқу-әдістемелік құралдардың толықтырылғаны айтылды.

Сонымен қатар бес білім беру саласы бойынша дамытушы ортаны одан әрі толықтыру, қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыру жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Қаулы

1.2024–2025 оқу жылына арналған тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.

2.«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі бағыттары барлық топтардың оқу-тәрбие жұмысына жүйелі енгізілсін.

3.Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.

4.2024–2025 оқу жылына арналған бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.

Оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, перспективалық жоспарлар, күн тәртібі және циклограммалар бекітілсін.

Педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекеттерді мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес жоспарлап, жүзеге асырсын.

Дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны толықтыру және ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытындағы жұмыстар күшейтілсін.

5.Тәрбиеленушілер жас ерекшеліктеріне сәйкес топтарға бекітілсін.

6.Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскер А.С.Балжановаға жүктелсін.

Төрайымы

Хатшы



А.Б.Аралова

А.С.Балжанова

«Alinur» балабақшасы

2024–2025 оқу жылындағы ұйымдастырылған педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ №2

Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтар – мектепке дейінгі тәрбиенің негізі»

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту процесінде ұлттық құндылықтарды жүйелі енгізу, балалардың тілін дамытуда заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану және педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру.

Өткізілген күні: 29.11.2024 жыл

Қатысқан: 7 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педагогикалық кеңес төрайымы: А.Б.Аралова

Хатшы: А.С.Балжанова

Күн тәртібі

1. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын талдау.
2. Баяндама: «Ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу мен оқыту процесіне кіріктіру жолдары».
3. Шеберлік алаңы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың заманауи тәсілдері».
4. Педагогикалық ойын: «Шығармашыл педагог».
5. Ұлттық ойындарды ұйымдастыру тәжірибесі.

Тыңдалды

Бірінші мәселе меңгеруші А.Б.Аралова №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына талдау жасады. Жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жоспарланған іс-шаралардың орындалу барысы қарастырылды. Педагогтердің перспективалық жоспарлары мен циклограммалары әдістемелік талаптарға сәйкес жүргізіліп отырғаны айтылды. Дамытушы орта ұлттық құндылықтар элементтерімен толықтырылып, барлық топтарда мемлекеттік рәміздер, ұлттық бұрыштар, ұлттық ойындар мен қолөнер элементтері жүйелі пайдаланылып келе жатқаны атап өтілді.

Екінші мәселе Әдіскер А.С.Балжанова «Ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу мен оқыту процесіне кіріктіру жолдары» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндама барысында ұлттық құндылықтарды мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне, ұйымдастырылған іс-әрекеттерге, еркін ойындарға және ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарға кіріктіру жолдары жан-жақты түсіндірілді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Өнегелі 15 минут», «Күй күмбірі», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Үнемді тұтыну», «Менің Қазақстаным» жобаларын күнделікті оқу-тәрбие процесінде жүйелі ұйымдастыру қажеттігі айтылды.

Үшінші мәселе Тәрбиеші З.Ж.Файзуллина «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың заманауи тәсілдері» тақырыбында шеберлік

алаңын өткізді. Шеберлік алаңында мнемотехника, интеллект-карталар, QR-код арқылы тапсырмалар, дидактикалық ойындар, STEM элементтері және ақпараттық технологияларды пайдалану жолдары тәжірибе жүзінде көрсетілді.

Төртінші мәселе Тәрбиеші О.П.Еремина «Шығармашыл педагог» атты педагогикалық ойын өткізді. Ойын барысында педагогтердің шығармашылық қабілеттері, кәсіби құзыреттілігі және педагогикалық жағдаяттарды шешу дағдылары бағаланды. Қатысушылар ұлттық құндылықтарды ҰІӨ-не енгізуге байланысты тапсырмалар орындап, өз тәжірибелерімен бөлісті. Іскерлік ойын педагогтердің кәсіби белсенділігін арттырып, шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік берді.

Бесінші мәселе Тәрбиеші Д.А.Серікбаева ұлттық ойындарды ұйымдастыру тәжірибесімен бөлісті. Ұлттық ойындардың баланың дене дамуына, тілдік қарым-қатынасына, танымдық қабілетіне және ұлттық дүниетанымының қалыптасуына ықпалын атап өтті. Практикалық бөлімде «Орамал тастау», «Арқан тарту», «Хан талапай», «Ақсерек – көксерек», «Сақина салу» сияқты ұлттық ойындардың ұйымдастырылу әдістемесі көрсетілді. Педагогтер тәжірибелік жұмыстарға белсенді қатысып, ойындарды күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерге кіріктіру жөнінде пікір алмасты.

Қаулы

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу мен оқыту процесіне кіріктіру бойынша жұмыстар барлық топтарда жүйелі жалғастырылсын.
3. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының бағыттары ұйымдастырылған іс-әрекеттерде, циклограммада және тәрбие жұмыстарында толық қамтылсын.
4. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында тәжірибе алмасу, шеберлік алаңдары және шығармашылық іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылсын.
5. Ұлттық құндылықтарды насихаттау бағытындағы жұмыстарға ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.

Төрайымы *Аралова* А.Б.Аралова
Хатшы *Балжанова* А.С.Балжанова



«Alinur» балабақшасы

2024–2025 оқу жылындағы ұйымдастырылған педагогикалық кеңес отырысының

ХАТТАМАСЫ №3

Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша серіктестігі – сапалы тәрбиенің кепілі»

Мақсаты: Отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру және бала тәрбиесіндегі өзара жауапкершілікті қалыптастыру.

Өткізілген күні: 31.01.2025 жыл

Қатысқан: 7 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педагогикалық кеңес төрайымы: А.Б.Аралова

Хатшы: А.С.Балжанова

Күн тәртібі

1. Іс-тәжірибе: «Жас ата-аналармен тиімді ынтымақтастық».
2. Баяндама: «Баланың жан-жақты дамуындағы отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның өзара байланысы».
3. Тренинг: «Бірлесе әрекет етеміз».
4. Кеңес: «Кіші жастағы балаларды дамытудағы ата-ананың рөлі».
5. Іскерлік ойын: «Ынтымақтастық көпірі».
6. Көрме: «Отбасындағы ұлттық тәрбие».

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша, меңгеруші А.Б.Аралова «Жас ата-аналармен тиімді ынтымақтастық» тақырыбында іс-тәжірибе жұмысын ұсынды. Баяндама барысында мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасындағы серіктестік баланың жан-жақты дамуының негізгі кепілі екендігі айтылды. Жас ата-аналардың бала тәрбиесіне жауапкершілігін арттыру мақсатында өткізілетін ата-аналар жиналыстары, жеке кеңестер, ашық есік күндері, бірлескен мерекелік іс-шаралар мен шығармашылық жобалардың тиімділігіне тоқталды.

Екінші мәселе бойынша, Әдіскер А.С.Балжанова «Баланың жан-жақты дамуындағы отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның өзара байланысы» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықтың тәрбиеленушінің тұлғалық қалыптасуына, эмоционалдық тұрақтылығына, сөйлеу мәдениетінің, танымдық белсенділігінің және әлеуметтік дағдыларының дамуына ықпалы жан-жақты қарастырылды. Ата-аналармен жұмыстың тиімді формалары ретінде шеберлік сағаттары, тренингтер, жобалық жұмыстар, сауалнамалар, кеңестер және отбасы клубтарының жұмысын жандандыру қажеттігін атап өтті. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтарды отбасы тәрбиесімен сабақтастыра жүргізудің маңыздылығына тоқталды.

Үшінші мәселе бойынша, Тәрбиеші З.Ж.Файзуллина педагогтермен «Бірлесе әрекет етеміз» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Тренинг барысында ұжымдық қарым-қатынасты нығайтуға, өзара қолдау көрсетуге және бірлескен жұмыс барысында тиімді коммуникация қалыптастыруға арналған жаттығулар ұйымдастырылды. Тренинг соңында қатысушылар өз пікірлерін білдіріп, жұмыстың нәтижелілігі жоғары деңгейде болғанын атап өтті.

Төртінші мәселе бойынша, Тәрбиеші А.М.Жүсіпова «Кіші жастағы балаларды дамытудағы ата-ананың рөлі» тақырыбында кеңес өткізді. Кеңес барысында кіші жастағы балалардың дене, танымдық, тілдік және әлеуметтік-эмоционалдық дамуына отбасының ықпалы туралы айтылды. Ата-аналарға баламен күнделікті қарым-қатынас жасау, кітап оқу, ұлттық ойындарды ұйымдастыру, шығармашылық әрекеттерге тарту және қауіпсіз орта қалыптастыру жөнінде әдістемелік ұсынымдар берілді.

Бесінші мәселе бойынша, Тәрбиеші О.П.Еремина «Ынтымақтастық көпірі» атты іскерлік ойын ұйымдастырды. Ойын барысында педагогтер отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы өзара әрекеттестікті жетілдіруге бағытталған түрлі педагогикалық жағдаяттарды шешті. Қатысушылар топтық жұмыстар орындап, тиімді қарым-қатынас орнатудың жолдарын ұсынды. Іскерлік ойын педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және тәжірибе алмасуына мүмкіндік берді.

Алтыншы мәселе бойынша «Отбасындағы ұлттық тәрбие» көрмесі таныстырылды. Көрмеге ұлттық қолөнер бұйымдары, отбасы құндылықтарын дәріптейтін фотоматериалдар, балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық жұмыстары және ұлттық дәстүрлерді насихаттайтын көрнекіліктер қойылды. Көрме барысында ұлттық тәрбиенің отбасындағы орны, салт-дәстүрдің бала тәрбиесіне ықпалы және ата-аналардың белсенді қатысуының маңыздылығы талқыланды.

Қаулы

1. Отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы серіктестік жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Жас ата-аналармен жүргізілетін жұмыстардың тиімді формалары оқу-тәрбие процесінде тұрақты қолданылсын.
3. Баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында ата-аналармен бірлескен іс-шаралар саны арттырылсын.
4. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтарды отбасы тәрбиесімен сабақтастыра жүргізу жалғастырылсын.
5. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға бағытталған кеңестер, тренингтер, шеберлік сағаттары мен ашық іс-шаралар жүйелі ұйымдастырылсын.

6. Тәрбиешілер ата-аналармен кері байланысты нығайтып, тәрбиеленушілердің жеке даму ерекшеліктері бойынша тұрақты кеңес беру жұмыстарын жүргізсін.
7. «Отбасындағы ұлттық тәрбие» көрмесін ұйымдастыру тәжірибесі барлық топтарда жалғасын тапсын.



«Alinur» балабақшасы

2024–2025 оқу жылындағы ұйымдастырылған педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ №4

Тақырыбы: «Экологиялық мәдениетті қалыптастыру – бүгінгі күн талабы»

Мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың тиімді жолдарын айқындау, экологиялық тәрбиені тәрбиелеу-білім беру процесіне кіріктіру және педагогтердің кәсіби ынтымақтастығын дамыту.

Өткізілген күні: 28.03.2025 жыл

Қатысқан: 7 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педагогикалық кеңес төрайымы: А.Б.Аралова

Хатшы: А.С.Балжанова

Күн тәртібі

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын талдау.
2. Тақырыптық бақылау нәтижелерін талдау.
3. Баяндама: «Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың тиімді әдістері».
4. Кеңес: «Отбасындағы экологиялық тәрбие».
5. Тренинг: «Тиімді ұжым – табысты жұмыс».

Тындалды

Бірінші мәселе меңгеруші А.Б.Аралова №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына талдау жасады. Отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті нығайту мақсатында жоспарланған жұмыстардың орындалу деңгейі қарастырылды. Тәрбиешілер тарапынан ата-аналармен жүргізілген жеке кеңестер, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, шығармашылық көрмелер мен бірлескен мерекелік шаралардың нәтижелері талданды. Жүргізілген жұмыстардың тәрбиеленушілердің әлеуметтік-эмоционалдық дамуына, ұлттық құндылықтарды меңгеруіне және ата-аналардың бөбекжай өміріне белсенді араласуына оң ықпал еткені атап өтілді.

Екінші мәселе Әдіскер А.С.Балжанова экологиялық тәрбие бағыты бойынша жүргізілген тақырыптық бақылаудың қорытындысын таныстырды.

Бақылау барысында ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жоспарлануы, дамытушы ортаның талапқа сәйкестігі, табиғат бұрыштарының жабдықталуы, балалардың зерттеу әрекеттері мен экологиялық білімді меңгеру деңгейі зерделенді.

Үшінші мәселе Тәрбиеші Д.А.Серікбаева «Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың тиімді әдістері» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама барысында мектепке дейінгі жастағы балалардың табиғатқа

жанашырлық көзқарасын қалыптастырудың педагогикалық тәсілдері кеңінен қарастырылды. Балаларды табиғат құбылыстарын бақылауға, қарапайым тәжірибелер жасауға, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық көрсетуге баулу арқылы олардың танымдық қызығушылығын дамыту жолдары ұсынылды.

Төртінші мәселе Әдіскер А.С.Балжанова «Отбасындағы экологиялық тәрбие» тақырыбында кеңес өткізді. Кеңес барысында ата-аналардың баланың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы рөліне ерекше тоқталды. Отбасында табиғатты аялау, суды және электр энергиясын үнемдеу, тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, бөлме өсімдіктерін күту, құстар мен жануарларға қамқорлық жасау сияқты қарапайым әрекеттердің бала тәрбиесіндегі маңызы түсіндірілді. Педагогтер ата-аналарға арналған ақпараттық жадынамалар дайындау және бірлескен экологиялық жобаларды жүзеге асыру жөнінде пікір алмасты.

Бесінші мәселе Әдіскер А.С.Балжанова педагогтермен «Тиімді ұжым – табысты жұмыс» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Тренингтің мақсаты ұжым мүшелерінің өзара ынтымақтастығын нығайту, тиімді қарым-қатынас орнату және жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру болды. Тренинг барысында командалық тапсырмалар, сергіту жаттығулары және пікір алмасу ұйымдастырылды.

Қаулы

1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Экологиялық тәрбие беру бағытындағы тақырыптық бақылау қорытындысы назарға алынсын.
3. Барлық жас топтарында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүйелі жүргізілсін.
4. Табиғат бұрыштары, зерттеу орталықтары және экологиялық дамытушы орта толықтырылып, жаңартылсын.
5. Экологиялық тәрбиені жүзеге асыруда бақылау, тәжірибе, зерттеу және жобалау әдістері кеңінен қолданылсын.
6. Отбасымен бірлескен экологиялық акциялар, сенбіліктер, шығармашылық көрмелер мен табиғатты қорғау бағытындағы іс-шаралар ұйымдастырылсын.



«Alinur» балабақшасы

2024–2025 оқу жылындағы ұйымдастырылған педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ №5

Тақырыбы: «Оқу жылының қорытындысы және алдағы міндеттер»

Мақсаты: 2024–2025 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысын шығару, педагогтердің кәсіби қызметіне талдау жасау, мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау нәтижелерін қарастыру және жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстарын ұйымдастыру.

Өткізілген күні: 30.05.2025 жыл

Қатысқан: 7 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педагогикалық кеңес төрайымы: А.Б.Аралова

Хатшы: А.С.Балжанова

Күн тәртібі

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын талдау.
2. Педагогтердің оқу жылы бойынша шығармашылық және кәсіби қызметінің қорытынды есебі.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту.
4. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік талаптары және нұсқаулықтармен таныстыру.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші А.Б.Аралова №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына талдау жасады. Экологиялық тәрбие беру бағытында жоспарланған іс-шаралардың толық орындалғанын атап өтті. Барлық жас топтарында табиғатты қорғауға бағытталған ұйымдастырылған іс-әрекеттер, тәжірибелік жұмыстар, бақылаулар, экологиялық акциялар мен шығармашылық көрмелер өткізілгені айтылды. Қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп бағаланды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.С.Балжанова педагогтердің 2024–2025 оқу жылындағы шығармашылық және кәсіби қызметінің қорытындысына талдау жасады. Оқу жылы барысында педагогтердің ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері, семинарлар, шеберлік сағаттары, кәсіби байқаулар мен әдістемелік жұмыстарға қатысу белсенділігі сараланды. Әр педагогтың жылдық жұмыс нәтижесі, балалардың даму мониторингінің қорытындысы, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар және өзіндік білім жетілдіру бағытындағы жетістіктері қарастырылды. Педагогтердің оқу жылы ішінде кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізгені, шығармашылық ізденістері мен инновациялық тәжірибелері оң бағаланды.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер А.С.Балжанова жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын таныстырды.

Жаз мезгілінде тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру және табиғат аясындағы танымдық, шығармашылық, спорттық іс-шараларды тиімді ұйымдастыру бағытындағы жоспарлар қарастырылды. Жазғы кезеңде шынықтыру шараларын, су және ауа процедураларын, ұлттық ойындарды, серуендерді, зерттеу әрекеттерін ұйымдастырудың ерекшеліктері түсіндірілді. Жоспар педагогикалық кеңес мүшелері тарапынан бірауыздан мақұлданды.

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші А.Б.Аралова балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік талаптарымен таныстырды.

Жазғы кезеңде еңбек қауіпсіздігі, санитариялық-гигиеналық талаптар, балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау, төтенше жағдайлардың алдын алу, алғашқы медициналық көмек көрсету тәртібі және қауіпсіз серуендерді ұйымдастыру бойынша нұсқаулықтарға тоқталды.

Қаулы

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогтердің 2024–2025 оқу жылындағы шығармашылық және кәсіби қызметінің қорытындысы мақұлдансын.
3. 2025 жылғы жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Жазғы кезеңде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік талаптарының сақталуы қатаң бақылауға алынсын.
5. Жазғы сауықтыру жұмыстары барысында тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, денсаулығын нығайту және бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру бағытындағы жұмыстар жүйелі жүргізілсін.
6. Педагогтерге жазғы кезеңде ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу және қауіпсіздік талаптарының орындалуын қамтамасыз ету тапсырылсын.
7. 2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша педагогтердің әдістемелік материалдары жинақталып, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары басталсын.

Төрайымы

А.Б.Аралова

Хатшы

А.С.Балжанова

